




КІТАПХАНАЛЫҚ-
АҚПАРАТТЫҚ
ОРТАЛЫҚ

# КІТАПХАНАНЫҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

***Веб-сайт: http://lib.dulaty.kz***

# Миссиясы және пайымдауы

- **Миссиясы:** ғылыми және білім беру ақпаратының әртүрлі көздеріне кең қол жеткізу негізінде пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы университеттің білім беру, зерттеу және қоғамдық бағдарламаларына ықпал ету. Университет кітапханасының қызметін жаңғырту есебінен олардың үдемелі өсуіне кепілдік бере отырып, тұрақты даму үшін жағдай жасау.
- **Пайымдауы:** «Кітапхана 24/7» форматындағы заманауи ақпарат, білім және ғылым орталығы және «бір терезе» режиміндегі қызметтер.

## *2023-2024 оқу жылына*
# СТАТИСТИКА



Қолжетімді толық мәтінді электронды ресурстар 313 931

Лицензиялық деректер қорына жазылу 8

Меншікті электронды ресурстар қоры 37 120

Библиографиялық жазбалардың көлемі 469472

# КІТАПХАНА ҚҰРЫЛЫМЫ

- 22 кітап беру пункті бар (4 абонемент және 18 оқу залы);
- Кітапхана 7 оқу кампусында орналасқан;
- Кітапхана кеңістігі OPEN SPACE форматына жаңғыртылуда.
- Кітапхана құрылымында оқуды ілгерілету және тұлғаны дамыту үшін Coworking zone, Creative zone, 102 - оқу аймағы, 101 – интернет аймағы, 103-group study room, 104-chillout room жұмыс істейді.











# Кітапхана-ақпараттық орталығының ресми сайты http://lib.dulaty.kz

- http://lib.dulaty.kz/index.php/kz/yzmet-k-rsetu/onlajn



**ИРБИС 64+**
**- http://e-lib.dulaty.kz/**




**Жаңа 2022-2023 оқу жылында кітапханалық - ақпараттық орталық пайдаланушыларға ақпараттық қызмет жұмысын оңтайландыру мақсатында «МегаПро» АИКЖінен *«ИРБИС 64+»* кітапханаларды автоматтандыру жүйесіне (КАЖ) көшуді шешті.**

**ИРБИС 64+ - кітапханаларды автоматтандыру жүйесі (КАЖ) - кітапханалық технологияларын автоматтандыруға арналған типтік интеграцияланған шешім болып табылады және кез-келген типтегі және профильді кітапханаларда қолдануға арналған.**

***Жүйенің құрамына келесі модульдер мен автоматтандырылған жұмыс орындары (АЖО) кіреді:***

- ***«ӘКІМШІ» АЖО (клиенттік және серверлік нұсқалар)*** *- тұтастай алғанда деректер базасында жүйелік операцияларды орындайтын, оларды өзекті және сақталған күйде ұстауға бағытталған маманның жұмыс орны;*
- ***«КАТАЛОГИЗАТОР» АЖО*** *- электрондық каталогты және жүйенің басқа да деректер базасын (ДБ) қалыптастыру (толықтыру және түзету) жөніндегі функцияларды орындайтын кітапхана қызметкерінің жұмыс орны;*
- ***«ҚҰРАУШЫ (ЖИНАҚТАУШЫ)» АЖО*** *- арнайы деректер базасын жүргізу негізінде кітапхана қорларын жинақтау және есепке алу жөніндегі функцияларды орындайтын кітапхана қызметкерінің жұмыс орны;*
- ***«ОҚЫРМАН» АЖО*** *- электрондық каталогта жан-жақты іздеуге, табылған ақпаратты қарауға/басып шығаруға және табылған әдебиеттерді беруге тапсырысты қалыптастыруға арналған электрондық каталогтың соңғы пайдаланушының жұмыс орны;*

# ОҚЫРМАНДАРДЫ ТІРКЕУ

- Оқырмандарға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын барлық құрылымдық бөлімшелерде кітапханалық-ақпараттық орталықты (бұдан әрі - КАО) пайдалану Ережелеріне сәйкес оффлайн және онлайн форматта да оқырмандарды тіркеу жүргізіледі.;
- КАО-қа оффлайн форматта жазылу үшін жеке басты куәландыратын құжатты көрсету қажет;
- Оқырман ретінде тіркеліп, студенттер кітапхананың электрондық ресурстары мен жеке кабинет қызметтеріне қол жеткізе алады;
- Оқырманға логин мен пароль жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы жіберіледі.
- КАО-қа онлайн форматта жазу үшін сайтта қажет http://lib.dulaty.kz ОНЛАЙН қызмет көрсету айдарында төмендегі кестені толтыру қажет

# Электронды ресурстар порталы http://e-lib.dulaty.kz/

Пайдаланушыларға кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетудің бизнес-процестері (ПОҚ, студенттер, магистранттар мен докторанттар) «ИРБИС-64+ кітапханалық автоматтандыру жүйесі (КАЖ) бойынша жүзеге асырылады. ИРБИС-64+ электронды ресурстар порталы пайдаланушыларға http://lib.dulaty.kz/ сілтемесі бойынша қолжетімді.

2023 жылы «IPRSmart», «Университетская библиотека online» деректер қоры ИРБИС-64+ (http://e-lib.dulaty.kz/) кітапханалық автоматтандыру жүйесіне интеграцияланды.




Оқырманның кітапханалық ресурстарды тиімді пайдалануы үшін және барлық сервистік мүмкіндіктермен тікелей жұмыс істеу мақсатында университеттің «Платонус» порталымен «ИРБИС-64+» кітапханалық автоматтандыру жүйесі жіксіз интеграциялау бойынша жұмыстар жүргізуде. Жіксіз интеграциялау үрдісінің аяқталуы үстіміздегі жылдың 1-ші наурызына жоспарланған. Мұның басты мақсаты бір терезе жүйесінде жұмыс жасау.



# DULATY UNIVERSITY электронды катологы

http://e-lib.dulaty.kz/kk/elib/






# Қордың жаңару көрсеткіші

Соңғы 2 (екі) жылдағы кітапхана қорының жаңару көрсеткіші

**5-ші кесте**

| Жылдар | Оқулық әдебиеттер қоры | Бір жылдағы түсім | жаңа түсім мөлшері, % | Оқулық әдебиеттер қорының қазақ тіліндегісі | Бір жылдағы түсім | жаңа түсім мөлшері, % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022 | 1 037 095 | 2649 | 0,3 | 215 506 | 1402 | 0,6 |
| 2023 | 1 039 000 | 2840 | 0,3 | 216 771 | 1798 | 0,8 |

Оқулық және оқу-әдістемелік қордың 2023 жылдағы жаңару көрсеткіші - 0,3% құрайды. Оның ішінде мемлекеттік тілде- 0,8% -ды құрайды.

Бұл көрсеткіштер «Жоғары және (немесе) жоғары оқу окейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығының, 2-тармақ., 2.1-тармақшасына сәйкес: «оқу бағдарламаларының пәндерін оқыту тілдерінде 100% қамтамасыз ететін, баспа және (немесе) электрондық басылымдар форматындағы оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорының болуы» және 2.2. тармақшасы бойынша: «Білім беру бағдарламаларының пәндері кесіндісінде оқу әдебиеті қорының кемінде 3%-ын жыл сайын жаңартуды қамтамасыз ету» нормаларына сәйкес келмейді.

# Мерзімді басылымдар қоры

Кітапхана қоры дәстүрлі ғылыми мерзімді басылымдармен жыл сайын толықтырылып келеді. Магистратура, докторантураның білім бағдарламаларын ғылыми басылымдармен қамтамасыз ету үшін отандық, ресейлік және шетелдік басылымдарға жыл сайын жылдық жазылым жүргізіледі. Әр білім беру бағдарламасын 1-2 аталым ғылыми журналмен қамтамасыз етуге тырысамыз, себебі журналдардың (әсіресе ресейлік журналдар) құны өте қымбат.





Мерзімді басылымдардың соңғы 2 жылдағы жазылу көрсеткіші

4-ші кесте

| Жылы | Барлығы | Республикалық басылымдар | Ресейлік басылымдар |
|---|---|---|---|
| 2022 | 113 аталым,<br>172 комплект | 61 аталым,<br>90 комплект | 52 аталым,<br>82 комплект |
| 2023 | 109 аталым.,<br>145 комплект | 70 аталым,<br>106 комплект | 39 аталым,<br>39 комплект |



## Білім беру бағдарламаларының пәндерін электрондық ресурстармен қамтамасыз ету

Бүгінгі таңда (**21.02.2024ж.**) меншікті электрондық кітапхана қоры - 37120 ресурсты құрайды, оның - 15188 аталымы мемлекеттік тілде болса, 17930-ы орыс тілінде, 4002 аталымы ағылшын тілінде. Барлық электронды ресурстар http://e-lib.dulaty.kz/ сілтемесі арқылы қолжетімді.

Меншікті электрондық ресурстардың құрамы мен саны

6-шы кесте

| | Топтама атауы мен құрамы | Топтама ресурстарының жалпы саны |
|---|---|---|
| 1 | Білім беру топтамасы | 24672 |
| | Оқулықтар | 5735 |
| | Оқу құралдары | 8357 |
| | Оқу-әдістемелік басылымдар | 10580 |
| 2 | Ғылыми топтама | 12448 |
| | Монографиялар | 6901 |
| | Анықтамалық материалдар | 5547 |
| | Барлығы | 37120 |

Университет репозиторинде бүгінгі күнге барлығы – 2868 аталым профессорлық-оқытушылар құрамының еңбектері (университет баспасынан басылып шыққан оқулықтар, оқу құралдар, оқу-әдістемелік құралдар мен мақалалар) жинақталып, сілтемесі қойылған. Ашық қолжетімділік барлық қатысушыларға ғылыми ақпараттық өзара әрекеттесу артықшылықтарын ұсынады.




Кітапхана қорын цифрландыру бағытында оқу процесіне пайдалануға қажет сирек және құнды басылымдардың 1000 аталымы жыл сайын цифрлық форматқа көшіріледі. Бүгінгі таңда 9202 аталым ресурс цифрлық форматқа көшірілген.

# Білім беру бағдарламаларының пәндерін электронды ресурстармен қамтамасыз ету

Бүгінгі күнге кітапхана пайдаланушылары үшін лицензияланған 8 отандық және шетелдік электронды кітапхана жүйелері мен деректер қоры қолжетімді. Ондағы ресурстардың жалпы көлемі - 300 млн. аса библиографиялық және толықмәтінді жазбаларды құрайды.

***Электрондық ресурстар құрамы мен сандық көрсеткіші***

7-ші кесте

| № | Деректер базасы атауы | Ресурстардың жалпы саны | Оқулық, оқу-әдістемелік құралдар | Ғылыми әдебиеттер |
|---|---|---|---|---|
| 1 | РМЭБ (Келісім №69) | 81814 | 40374 | 37470 |
| 2 | IPRSmart (Келісім №30/23 ЗЦП) | 96056 | 59798 | 19358 |
| 3 | Университетская библиотека online (Келісім 22/23 ОИ-ПНЗ) | 137891 | 18569 | 29250 |
| 4 | Параграф (Договор 6/23 – ЗЦП) | 2 000 899 | | 2 000 899 |
| 5 | Cab Abstracts Келісім 18/23 – ОИ ПНЗ | 15 463 000 | | 15 463 000 |
| | ***Ұлттық лицензия бойынша қолжетімділік берілген дерек қорлар:*** | | | |
| 6 | Wiley online library | Более 1600 | | Более 1600 |
| 7 | **Scopus** | 195 млн. | | 195 млн. |
| 8 | Web of Science | 161 млн. | | 161 млн. |

# Электронды ресурстар мен деректер қорын пайдалану көрсеткіші

Ресурстарға қол жеткізу құқығын алуға бөлінетін қаражатты пайдаланудың тиімділігін арттыру үшін кітапхана қызметкерлері деректер қорын пайдалану мониторингін жүргізеді. Талдау нәтижелері бойынша ресурстарға жазылу ұйымдастырылады.

Деректер қорын пайдаланудың тиімділік көрсеткіші болып - университеттің барлық пайдаланушылары толықмәтінді ресурстарды жүктеп алу және оқу саны болып табылады.








2-ші сурет- Деректер қорын пайдалану көрсеткіші

2- ші суреттегі деректер қорын пайдалану көрсеткіші бойынша – ең көп сұраныска ие болған деректер коры - IPRSmart -39% және Университетская библиотека online- 27 % .

# Ғылымға көмек

Профессорлық-оқытушылар құрамының жарияланымдық белсенділігі бойынша рейтингін арттыру мақсатында есепті жылы 18 оқыту тренингі өткізілді (өткен жылмен салыстырғанда 22% - ға жоғары (14) және оқытушылармен, докторанттармен және магистранттармен ғылыми дәйексөз дерекқорларымен жұмыс істеу бойынша вебинарлар, Хирш индексін, журналдар процентилін анықтау және профильдерді түзету бойынша 400-ден астам консультациялар көрсетілді. ПОҚ –на (50 адам) үшін «Білім беру мен ғылымды жетілдіруде пайдаланылатын электронды ресурстар және ғылымиметрикалық құралдар" (24 сағат) біліктілікті арттыру курстары өткізілді.










Өткен жылмен салыстырғанда "Web of Science" ДҚ пайдаланудың оң динамикасы байқалады - 69% - ға. Ал, қолжеткізу мерзімінің аяқталуы нәтижесінде "Scopus" ДҚ пайдалану көрсеткіштері 15% - ға төмендеді.

## 2022-2023 оқу жылы ұйымдастырылған ақпараттық іс-шаралар

Ғылым мен білімді қолдау бағытында 2022-2023 оқу жылы **38 – Ақпарат күні, 44 – Кафедра күндері, 7 – Институт/Факультет декадасы өткізіліп, оған – 5600 білім** алушылар мен оқытушылар қатысты. Кафедралар тапсырысы мен университетте өткен іс-шаралар бойынша **68** тақырыптық кітап көрмелері ұйымдастырылды.











http://lib.dulaty.kz/index.php/kz/

DULATY UNIVERSITY

## Кітапхана жаңалықтары

Біздің ақпараттық RSS-каналына тіркеліп, жаңалықтардан хабардар болып отырыңыз!

Жазылу үшін электрондық пошта мекен-жайын енгізіңіз

**Email Address**

ТІРКЕЛУ






- Оқырмандардың сұранысын заманауи талаптарға сай қанағаттандыру және университет  репозиториін сапалы ресурстармен толықтыру мақсатында авторлық құқықты сақтай отырып, «ЭЛАР ПланСкан» планетарлық кәсіби сканерінде ПОҚ ғылыми еңбектері мен сирек кездесетін құнды әдебиеттер цифрлық форматқа ауыстырылуда.

Тараз қ.,Төле би көш.,60
(Технологиялық кешен)
тел: 8(7262) 45-74-33

## №1 абонемент









# Тараз қ., Төле би,60
# (ГӘҒФ, 2.6 кешені)

## №1 оқу залы











## Тараз қ., Сәтпаев көш., 28 (Гидрокешен)

## тел: 8(7262) 52-68-77 №2 абонемент











# Тараз қ., Жамбыл даңғ., 16А (Педагогикалық институты, 5.2 кешені) №3 абонемент








КІТАПХАНАЛЫҚ-
АҚПАРАТТЫҚ
ОРТАЛЫҚ

Кітапхана сайты: **http://lib.dulaty.kz**

Instagram - **www.instagram.com/lib_du**

Facebook - **www.facebook.com/lib.DU**

ВКонтакте - **https://vk.com/lib_du**

**Wi-Fi**

КІТАПХАНАЛЫҚ-
АҚПАРАТТЫҚ
ОРТАЛЫҚ




**Кітапхананың жұмыс уақыты:**
**9.00-дан 18.00 дейін**
**Оқу залдары:**
**8.30-дан 18.00 дейін**
**Демалыс күндер: Сенбі,**
**Жексенбі**

КІТАПХАНАЛЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҚ

**Тараз қ., Төле би көш., 60 (Технологиялық кешен)**
**тел: 8(7262) 45-74-33**
**Тараз қ., Сәтпаев көш., 28 (Гидрокешен)**
**Тараз қ., Жамбыл даңғ., 16А («Педагогикалық институты» кешені)**

**E-mail: lib@dulaty.kz**